

Ақтөбе қаласының білім бөлімі
Қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы
«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК

Ақтөбе қаласының білім бөлімінің
2018 ж. « 21 » 09
№ 682 бұйрығымен
бекітілді

Бағдарлама
«Көңілді саусақтар»
(II кіші топ)

Ақтөбе қаласы, 2018 жыл

Бағдарлама негізі: Елубаев Е., «Саусақтарды жаттықтырамыз – сөйлеп үйренеміз!», Алматыкітап, 2015 ж.

Құрастырған: Утенова Ж.Н., тәрбиеші

№24 «Аққу» МДҰ педагогикалық кеңесі отырысында «Көңілді саусақтар» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

«29» тамыз 2018 жыл

«№24 «Аққу» МДҰ» МКҚК меңгерушісі:



Садыкова А.К.

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Көңілді саусақтар» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1 «18» 08 2018 ж.

Сараптау комиссиясының төрайымы:



(қолы)

Есенжолова Ж.Ж.
(аты-жөні)

№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымының
тәрбиешісі Утенова Ж.Н. құрастырған
«Көңілді саусақтар» бағдарламасына

Пікір


Баланың тілінің жақсы дамуы қол саусақтарының қозғалысының дамуымен тығыз байланысты болып келеді. Ми қыртысы аймағындағы сөйлеу мен қозғалтқыш аймақтың жақын орналасуына байланысты (үлкен ми сыңарлары қыртысының қозғалтқыш аймағында пайда болған қозу сөйлеу моторлық аймаққа беріліп, артикуляцияны күшейтеді) тіл дамуының қол саусақтарының қозғалғыштық дәрежесіне тікелей тәуелділігі бұрыннан белгілі жағдай. Қолдың ұсақ моторикасы зейін, ойлау, кеңістіктік қабылдау, қиял, байқағыштық, көру және қозғалыс есі, сөйлеу сияқты сананың жоғарғы қасиеттерімен өзара әрекетте болады.

Баланың сезімдік тәрбиесі деп оның заттардың сыртқы қасиеттері (олардың пішіні, түсі, көлемі, иісі, дәмі, кеңістіктегі орны) туралы түсініктерді қабылдауы мен қалыптастыруын дамытуды айтады. Ұсақ моториканың дамуы ақыл-ой тәрбиесі мен жалпы дүниені танудың негізін құрайтындығы жайдан-жай емес. Үш-бес жастағы балалардың сенсорлық тәрбиесінде оларды көпшілікке мәлім сенсорлық эталондар мен оларды пайдалану амалдарымен таныстыру маңызды болып табылады. Эталондарды қалыптастырумен бірге балаларды заттарды тексеру амалдарына да (оларды үлгі-эталондар айналасында түсі бойынша топтау) үйрету керек.

Сенсомоторлық үйлестірілу – бұл қол мен көздің біріккен әрекеті. Көру арқылы бала қоршаған болмысты танып біледі, өздерінің қимыл қозғалыстарын бақылайды, соның арқасында олар едәуір жетіле түседі. Көз қолды «үйретеді» деген, ал баланың заттармен жасайтын күрделі қол қозғалыстарының көмегімен көптеген жаңа ақпараттар ашыла түседі. Көру мен қолдың қозғалысы баланың қоршаған болмысты тануының бірден-бір себепшісі болып табылады.

Бағдарламада ұсынылып отырған барлық дамытушы ойындар осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. «Көңілді саусақтар» бағдарламасы мектепке дейінгі мекемелерде қолданылуға ұсынылады.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Ақтөбе облысы бойынша ПҚБАИ,
жаңа технологиялар және жаратылыстану ғылыми
(гуманитарлық) пәндерді оқыту
әдістемесі кафедрасының меңгерушісі,
п.ғ.к., доцент :



А.Қ. Дүйсенбаев

Түсінік хат

Адам баласының тілдік қарым- қатынасы өмірінің алғашқы кезеңінен басталады. Баланың саусақтарының қимылы немесе ұсақ моториканың жақсы жетіліп дамуы, ол мидың және тілдің жетілуімен тікелей байланысты. Ұсақ моторика дегеніміз физиологиялық тұрғыдан айтқанда, ол қолдың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысы. Сонымен қатар, «қол мен көздің» тепе-теңдігін де ұмытпауымыз керек, себебі қолдың ұсақ қозғалысы көздің бақылауымен жүзеге асады. Бала қозғалысы қоршаған ортадағы заттарды танып-білу барысында қалыптасады. Адам миының сөйлеуге және қолдың ұсақ қозғалысына жауап беретін аумағы өте жақын орналасқан. Яғни ұсақ моторикаға стимул жасау арқылы біз сөйлеу әрекетінің белсенділігін арттырамыз.

Ұсақ моториканы дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше. В.А.Сухомлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазған. Бала қолының қозғалысы каншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды. Яғни, бала қолымен көбірек жұмыс істесе, ақылы да сонша өседі.

Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың қолдарының ұсақ моторикасын дамыта отырып, балалардың ойлау, сөйлеу дағдыларын арттыру.

Бағдарламаның міндеттері: балалардың айналасындағы заттардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру. Берілген тапсырмаларды нақты, ұқыпты, шапшаң орындауға үйрету. Заттардың кеңістіктегі орналасуын, түрлі түстерін, пішіндерін, көлемдерін ажырата білуге үйрету. Логикалық ойлау қабілетін, ой өрісін дамыту. Балаларды зейінділікке, логикалық ойлауға, қызығушылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер: Балалар үшін: саусақ бұлшықеттері дамып, қарапайым қажетті дағдылары қалыптасады. Өзбетінше әрекет етуге үйренеді. Ата-аналар үшін: балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларының қалыптасуымен қатар сөйлеу, ойлау қабілеттері артады. Қоғам үшін: жоғары деңгейде жалпы дамыған, логикалық ойлау қабілеті бар азаматтар тәрбиеленеді.

«Көңілді саусақтар» бағдарламасының тақырыптық жоспары II кіші топ жасындағы балаларға арналып, 36 сағат құрылды. Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентіне кіргізілді. Аптасына 1 рет жүргізіледі. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 7-15 мин.

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Бағдарламалық міндеттері	Сағат саны
1	«Ойыншықты тап»	Балаларды заттардың сәйкестерін табуға үйрету. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
2	«Өз ұяшықтарына орналастыр»	Балаларды заттардың екі қасиетін (үлкендігі мен пішінін) ескере отырып салыстыруға үйрету. Тапсырманы нақты орындау дағдыларын дамыту. Логикалық ойлауға тәрбиелеу.	1
3	«Көңілді баулар»	Балаларды баулардың түстерін ажыратуға және өткізуге үйрету. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
4	«Қуыршақтарға моншақ жасап берейік»	Түстерді ажыратуға үйрету. Заттарды түсіне қарай топтастыру қабілетін арттыру. Моншақтарды жіпке тізуге үйрете отырып, қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Әсемділікке тәрбиелеу.	1
5	«Жыл мезгілдері»	Балалардың жыл мезгілдерінің ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
6	«Қуыршақты киіндіреміз»	Балаларға түймені салу, қапсырып жапсыру, шаш бұрымын байлау сияқты тапсырмалар бере отырып, қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
7	«Бау бақшада»	Балаларды жемістер мен көкөністерді ажыратуға үйретуді жалғастыру. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
8	«Ағаш жапырақтары»	Балаларды ұсынылған төрт түстің ішінен өзбетінше түс таңдауға үйрету. Зейінділік дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1

Алла

9	«Апельсин» (сурет салу)	Балаларды өздеріне жақсы таныс заттың ерекшелігін көрсетуі үшін өз бетінше түс таңдауға үйрету. Бір-біріне жақын үш түстен (қызыл, қызғылт, сары) қажеттісін таңдау, солдан оңға қарай бір қимылмен шеңбер салу, оның ішінде айналмалы қозғалыспен бояп шығу дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
10	«Су асты патшалығы»	Балаларды су астында мекендейтін жануарлармен таныстыру. Саусақтарының бұлшық еттерін дамыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу.	1
11	«Менің үйім »	Балаларға түрлі түсті резеңкелермен жұмыс жасауды үйрете отырып, қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
12	«Кімнің көйлегі қандай?»	Заттарды түстері бойынша топтастыруға үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін дамыту. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.	1
13	«Тыңшқанды жасыр»	Балаларды түрлі түстер туралы білімдерін бекіту. Берілген тапсырмаларды орындау дағдыларын дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	
14	«Түстерімен орналастыр»	Түстерді ажыратуға үйретуді жалғастыру. Тапсырмаларды орындау дағдыларын арттыру. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
15	«Не қайда мекендейді?»	Жануарлардың мекені туралы білімдерін кеңейту. Ойыншықты жібінен ілуді үйрете отырып, қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
16	«Тауықтар мен балапандар» (мозайка құрастыру)	Балаларға түстің заттардың негізгі белгісі болып табылатынын үйрету. Құрастыру дағдыларын дамыту. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
17	«Менің көңілді, әуенді добым» (сурет салу)	Түстердің алуан түрлілігін үйрету. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1

Алла

18	«Қонжықтың төсегін жинап береміз»	Тапсырмаларды орындай отырып, түс, көлем туралы білімдерін тиянақтау. Балалардың саусақ моторикасын дамыту. Зейінін, ойлау қабілеттерін арттыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
19	«Қуыршақтарға өз ойыншықтарын табуға көмектес»	Балаларды біртекті және әр түрлі заттарды түстеріне қарай топтастыруға үйрету. Тапсырмаларды нақты орындау дағдыларын дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу.	1
20	«Түрлі түсті шарлар»	Балаларға түрлі түсті резенкелермен жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру. Саусақтарының бұлшық еттерін дамыту. Өсемдікке тәрбиелеу.	1
21	«Қаздар балапандарымен» (құрастыру)	Балаларға заттардың өздеріне тән түстік қасиеттері туралы үйрету. Объектілерді түсі бойынша кезектестіру дағдыларын дамыту. Ұқыптылық пен қамқорлыққа тәрбиелеу.	1
22	«Қапта не жатыр?»	Балалардың пішіндер туралы білімдерін жетілдіру. Есте сақтау дағдыларын арттыру. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
23	«Геометриялық лото»	Бейнесі салынған заттың пішінін геометриялық фигурамен салыстыруға үйрету. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
24	«Мұнара»	Заттардың көлемі туралы білімдерін жетілдіру. Заттарды көлемі бойынша салыстыру дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
25	«Дәл осындай сақинаны тап»	Балалардың көлем бойынша білімдерін жетілдіру. Заттарды бірінің үстіне бірін қойып салыстыру дағдыларын арттыру. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
26	«Бағана құрастырамыз»	Көлемдері бірдей заттарды тандап алуға үйрету. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
27	«Үйшіктер мен жалаушалар» (мозайка құрастыру)	Заттардың түстік қасиеттеріне балалардың көңілін аудару. Түс-заттарды сипаттаудың негізгі белгісі екенін ұғындыру. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1

Алла

28	«Әсем оюларды орналастырамыз»	Заттарды пішініне қарай орналастыра алуға үйрету. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Пішіні әр түрлі заттарды сәйкестендіре білу қабілетін қалыптастыру. Ұжымшылдыққа тәрбиелеу.	1
29	«Баспалдақ»	Заттарды көлемдерінің кішіреюі бойынша орналастыруға үйрету. Салыстыру дағдыларын дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
30	«Суды бояймыз»	Өртүрлі түстерді ажыратуға үйретуді жалғастыру. Тәжірибелік тапсырмаларды орындау дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
31	«Сүйкімді балықтар»	Қармақпен балықтарды аулауды үйрете отырып, балалардың қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	1
32	«Кемпірқосақ»	Түстердің алуан түрлілігі туралы түсінік беру. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Әсемділікке тәрбиелеу.	1
33	«Гүлдер отырғызамыз»	Балаларға гүлдерді түстеріне қарай саусақтарымен қадап отырғызуды үйрете отырып, қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Әсемділікке, қамқорлыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
34	«Жемістерді жинаймыз»	Заттардың көлемін көзбен салыстыру арқылы анықтауға үйрету. Салыстыру дағдыларын дамыту. Зейінділікке тәрбиелеу.	1
35	«Әдемі көбелектер»	Балаларға көбелектердің өз түстеріне қонатыны туралы түсінік бере отырып, түстерді таңдауға үйрету. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту. Қамқорлыққа, әсемділікке тәрбиелеу.	
36	«Сиқырлы түстер»	Түстердің өзара байланыстылығы туралы түсінік беру. Тәжірибелік тапсырмаларды орындау дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
Барлығы:			36

Қолданылған әдебиеттер:

1. Елубаев Е., «Саусақтарды жаттықтырамыз – сөйлеп үйренеміз!», Алматыкітап, 2015 ж.
2. Аксарина Н.М., «Воспитание детей раннего возраста», М: Просвещение, 1984 ж.
3. Васильева М.А., «Руководство играми детей в дошкольных учреждениях», М: Просвещение, 1986 ж.
4. Венгер Л.А., Венгер Н.Б., «Развитие мелкой моторики у детей», М: Просвещение, 1988 ж.
5. 4. Долженко Г., «Геометриялық фигуралар», Алматы: «Аруна», 2006 ж.
6. Журова Л.Е., Комарова Т.С., «Мир детства», М: Педагогика, 1987 ж.
7. Истомина З.М., «Восприятие и называние цвета», М: Просвещение, 1989 ж.
8. Менджерицкая Д.В., «Воспитателю о детской игре», М: Просвещение, 1982 ж.
9. Пилогина Э.Г., «К вопросу о ранних явлениях сенсорной сензитивности в младенческой возрасте», М: Просвещение, 1986 ж.
10. Пилотин Э.Г., «Теория практика сенсорного воспитания в детском саду», М: Просвещение, 1965 ж.
11. Сужикова А., Уразаева Т., «Пішіндер», Алматыкітап, 1999 ж.
12. Субботский Е.В., «Ребенок открывает мир», М: Просвещение, 1991 ж.
13. Сужикова А., Уразаева Т., «Түстер», Алматыкітап, 1998 ж.
14. Сужикова А., Уразаева Т., «Салыстыру», Алматыкітап, 1999 ж.